

**АЛАШ ҚАЙРАТКЕРЛЕРІНІҢ РУХАНИ МҰРАСЫ АРҚЫЛЫ ЖАСТАРДЫ
ЕЛЖАНДЫЛЫҚҚА ТӘРБИЕЛЕУ**

¹ Ж.К. Саликов, ¹Ж.К.Мукашев, ¹Е.Е.Есенжолов, ²А.Е.Садыкова.

¹Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды ұлттық зерттеу университеті, Қарағанды қ., Қазақстан

²Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Бәрімбек Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы, Қарағанды қ., Қазақстан.

DOI: <https://doi.org/10.5281/zenodo.21124083>

Аңдатпа: Аталмыш мақалада Алаш қайраткерлерінің рухани мұрасы негізінде жасөспірімдерді елжандылыққа тәрбиелеудің маңызы қарастырылған. Елі мен халқының егемендігі үшін жан қиған, Алаш зиялыларының ұлттық тәуелсіздік, мемлекетшілдік, білім мен ғылым, ана тілі және ұлттық құндылықтарды сақтау жөніндегі идеяларының қазіргі жастардың азаматтық ұстанымын қалыптастырудағы рөлі талданады. Сондай-ақ, Әлихан Бөкейхан, Ахмет Байтұрсынұлы, Міржақып Дулатұлы, Мағжан Жұмабаев сынды тұлғалардың ғажап еңбектері арқылы жастардың ұлттық сана-сезімін, тарихи жадын және патриоттық қасиеттерін дамыту жолдары айқындалады. Алаш мұрасын білім беру және тәрбие үдерісінде тиімді пайдалану жастардың ел тағдырына жауапкершілікпен қарауына, ұлттық құндылықтарды құрметтеуіне және тәуелсіз Қазақстанның дамуына үлес қосатын тұлға болып қалыптасуына ықпал ететіні негізделеді.

Кілт сөздер: елжандылық тәрбие, Алаш қайраткерлері, рухани мұра, ұлттық сана, отансүйгіштік, ұлттық құндылықтар, жастар тәрбиесі, Алаш қозғалысы, тарихи жады, азаматтық ұстаным, мемлекетшілдік идеясы, ұлттық тәрбие.

Қазақстан Республикасы тәуелсіздік тізгінін өз қолына алғаннан бері 35 жыл өтті, еліміз үшін осы ұлы жеңіс пен егеменділік, үлкен құндылығын жоғалтқан халқымыздың тарихи маңызды шындыққа ие болуына шексіз мүмкіндіктер жасады десек қателеспеген болар едік. "Демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет" деп жариялау әлеуметтік ғылымдарға жаңа міндеттер қойды: құқықтану, саясаттану, философия, тарих ғылымдары. Солардың бірі-осы халқымыздың ұлт ретінде қалыптасуына, оның рухани ұлттық және саяси санасын оятуға, өзінің мемлекеттілігін жариялау үшін күресін дамытуға зор ықпал еткен Алаш қайраткерлерінің саяси күресі мен құқықтық көзқарасын зерделеу болып табылады.

Үкімет басшысы президент Қасым - Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың Қазақстан халқына жолдауларында және «Жаңа Қазақстан» құрудағы басты мәселердің бірегейі отанымыздың болашағы жастардың салауатты өмір салтын ұстануымен елжандылық тәрбиесі. Сондықтан бүгінгі таңдағы тәуелсіз Қазақстан жағдайында жүзеге асырылып жатқан сындарлы мемлекеттік саясаттың нәтижесінде ұлттық тарихымыздың көмескі тартқан беттері қайта зерделеніп, ұзақ уақыт бойы бұрмаланып немесе жабық күйінде келген тарихи шындықтар өз бағасын алуда. Бұл Жаңа Қазақстан Республикасында жүргізіліп жатқан салиқалы саясат нәтижесі және көптеген аса құнды жоғалтқандарымыз табылып, тарих қойнауындағы маңызды шындық тәуелсіздік үшін күрескен ақтандақтар ерлігі өздеріне тиесілі тұғырлы орындарын табуда десек қателеспеген болар едік. Осы маңызды іс-шаралардың бірегейі қазақ халқының азаттығы мен тәуелсіздігі жолында күрескен Алаш қайраткерлерінің қоғамдық-саяси қызметі мен рухани мұрасының жаңа қырлары тереңінен көрсетіліп, ақтандақ

зиялылардың тәуелсіз мемлекет құру жолындағы жанқиярлық ерлік еңбектері ғылыми тұрғыдан жан-жақты зерттелуде[1].

Тарих тағлымдарына көз жүгіртсек, Алаш-біздің ата-бабаларымыздан бастау алатын ежелгі сөз. Көне көз қарттардан естігеніміздей, "алты алашқа" қазақ, қырғыз, өзбек, түрік, башқұрт, қарақалпақ халықтары кіреді. Шынында да туысқан бұл халықтардың ертеден келе жатқан көшпелі өмірі, тілі, әдет-ғұрыптары бір десек еш қателеспеген болар едік.

Дана, қазақ халқының тілінде елі мен кіндік қаны тамған туған жеріне бей-жай қарамайтын асылда-құрметті адамдарды "Алаш азаматы" деп атайды, ал ешкім білмейтін адамдарды "Алашта шетелдік азамат жоқ"деп құрметтейді. Басында бұл сөз елдің аузында жақсы ниетпен айтылған болатын болса, кейіннен зиялылардың қуғын-сүргіні жазықсыз қудалануы кезінде біз бұл сөзден бас тарттық. Мұның себебі қылышынан қан тамған Кеңес өкіметінің алғашқы жылдарында біз әлі ақ пен қараны ажырата алмадық.

Еліміз егемендігін алғаннан кейін енді әлеуметтік әділеттілік орнады және әркім ашық пікір айта алады, солардың бірі - "Алаша"мәселесі. Сондықтан біз көптеген зеріттеуші ғалымдардың пікіріне қосыла отырып кәзіргі шиеленіскен жаһандану заманында "Алаш-Орда қайраткерлерінің мұрасы арқылы оқушыларға патриоттық тәрбие беру аса маңызды деп санаймыз.

Осы аса маңызды тұрғыдан алғанда, қазақ халқының ұлттық және саяси санасының қалыптасуына зор ықпал еткен, ұлттың дербес мемлекеттігін қалпына келтіру идеясын көтерген Әлихан Бөкейхан бастаған Алаш қозғалысының тарихи маңызы ерекше. Алаш қайраткерлері патшалық Ресей мен кейінгі кеңестік биліктің қыспағына қарамастан, қазақ халқының саяси құқықтарын қорғап, ұлттық мүддені сақтап қалу жолында табанды күрес жүргізді. Сондықтан олардың саяси-құқықтық көзқарастары мен мемлекеттік басқару жөніндегі тұжырымдамаларын зерттеу бүгінгі күн үшін де өзекті болып табылады[2].

Біздіңде пікірімізше Алаш қозғалысына тек саяси құбылыс ретінде баға беру жеткіліксіз. Ол қазақ халқы қоғамының рухани, мәдени, ағартушылық және әлеуметтік дамуына серпін берген кең ауқымды ұлттық жаңғыру қозғалысы болды десек еш қателеспеген болар едік. Алаш зиялылары халықтың тарихи жадын жаңғыртып, ұлттық құндылықтарды сақтауға, білім мен ғылымды дамытуға, өркениетті қоғам қалыптастыруға бағытталған идеяларды ұсынды. Бұл қозғалыс қазақ халқының өткенін саралап, бүгінін бағамдап, болашағына бағыт-бағдар берген ұлттық құбылыс ретінде тарихта ерекше орын алады.

Алаш қайраткерлерінің басты мақсаттарының бірі – қазақтың ұлттық мемлекеттілігін қалыптастырумен қатар, ана тілінің қоғамдық мәртебесін көтеру болды. Олар қазақ тілін мемлекеттік басқару, білім беру және мәдениет салаларында кеңінен қолдануды жақтады. Бұл ұстанымдар Ахмет Байтұрсынұлының, Сәкен Сәдуақасұлының және басқа да зиялылардың еңбектері мен қызметтерінен анық байқалады. Қазақ тілін ұлттың рухани тұтастығын қамтамасыз ететін негізгі құндылық ретінде қарастырған Алаш қайраткерлері оның сақталуы мен дамуын ел болашағының кепілі деп білді.

«Тарих – халықтың жады, тіл – ұлттың жаны» деген қағида Алаш зиялыларының шығармашылығы мен қоғамдық қызметінде айқын көрініс тапты. Ахмет Байтұрсынұлы бастаған алашшыл қайраткерлер ана тілінің қоғам өміріндегі орны мен маңызы туралы

терең ойлар айтып, оны ұлттық бірегейліктің басты белгісі ретінде бағалады. Бұл идеялар сол кезеңдегі әдеби шығармаларда да кеңінен көрініс тапты[3].

Әсіресе, Мағжан Жұмабаев пен Сұлтанмахмұт Торайғыровтың поэзиясында ана тілі ұлттық рухтың, халықтық болмыстың және азаттық идеясының символы ретінде жырланды. Алаш дәуірінде қалыптасқан әдебиет ұлттық сананы оятудың пәрменді құралына айналды. Алғашқы кезеңдерде үгіттік және ағартушылық сипат басым болғанымен, кейіннен Жүсіпбек Аймауытов, Мағжан Жұмабаев, Мұхтар Әуезов сияқты көрнекті қаламгерлердің шығармалары арқылы көркемдік деңгейі жоғары, терең философиялық мазмұндағы туындылар дүниеге келді. Бұл шығармалар қазақ әдебиетінің жаңа сапалық деңгейге көтерілгенін көрсетіп қана қоймай, ұлттық идеяның көркем әдебиет арқылы кеңінен насихатталуына жол ашты[4].

Тарихи деректерге сүйенетін болсақ Алаш қозғалысы қазақ халқының қоғамдық-саяси өмірінде ғана емес, ұлттық мәдениеті мен әдебиетінің дамуында да шешуші рөл атқарды. Оның идеялық мұрасы қазіргі тәуелсіз Қазақстанның рухани жаңғыру үдерісімен сабақтасып, ұлттық құндылықтарды дәріптеу мен мемлекеттілікті нығайту ісінде маңызды мәнге ие болып отыр.

Солардың бірегейі ретінде халқымыздың ұлт болып қалыптасуына, оның ұлттық және саяси сана –сезімінің оянуына, өзінің дербес мемлекеттігін жариялау жолындағы күресінің дамуына орасан зор әсерін тигізіп, осы үрдістерге тікелей басшылық жасаған Алихан Бөкейханов бастаған Алаш қайраткерлерінің қылышынан қан тамған Кеңес үкіметімен саяси күресі мен құқықтық көзқарасын зерттеу деп айтуға толық негіз бар. Аталмыш қозғалысқа тек саяси-қоғамдық тұрғыдан ғана баға беру тым аздық етеді, оны аса ірі рухани-мәдени қозғалыс ретінде кешенді түрде қарастырып, осы құбылыстың қазақ халқына, жеке тұлғаға ықпалын анықтаудың концептуальды жолдарын қарастырғанымыз абзал. Алаш қозғалысы – сол тұстағы қазақ елімен қоғамының барлық жағын қамтыған маңызды салалы, саралы құбылыс. Біздің пікірімізше бұл қозғалыс, қазақ халқының өмірінің өткенін есте сақтап, бүгінгісін таразыға салған және болашаққа бағыт айқындаған, тәуелсіздікті ғана мұрат еткен қасиетті құбылыс[5].

Қазіргі таңдада әліде басты мәселе болып отырған, Алаш зиялыларының дербес мемлекеттілікке ұмтылыстарында қазақ тілінің мәртебесі туралы да ойлар менмұндалап тұрды. Оны олардың сол тұста жазған мақалаларынан және Ахмет Байтұрсынұлының, Сәкен Сәдуақасұлының оқу комиссариатында басшылық еткен кезіндегі іс-қимылдарынан аңғаруға болады. Кез келген қоғамның «Атасы-тарих, Анасы-тіл» болғандықтан тіл – ұлт руханиятының негізгі өзегі екендігін де Алаш зиялыларының қоғамдық ойларынан және көркем шығармашылығынан байқауға болады. Тілдің қоғамдағы орны мен рөлі жөніндегі қисынды пікірлер Ахмет атамyz бастаған алашшылдардың мақалаларынан айқын көрініп жатты. Сондай-ақ, ана тілі тақырыбы ұлтты ұйыстырушы, халықтың төл болмысын айқындаушы фактор ретінде қазақ поэзиясында, әсіресе, Мағжан Жұмабаев, Сұлтанмахмұт Торайғыров өлеңдерінде ерекше жаңа леппен жырлана бастады. «Алаш әдебиеті» деп аталатын жаңа әдеби дәуірдің бастапқы кезеңдерінде ұраншылдық, насихатшылдық басым болғанымен, халқымыздың біртуар жас ақиық дарындары Жүсіпбек Аймауытов, Мағжан Жұмабаев, Міржақып Дулатов, Мұхтар Әуезовтердің шығармалары жазыла, жарық көре бастаған тұстан бері қарай көркемдігі жоғары дүниелер жазылды[6].

Қазақ қоғамының оянуына, сілкінуіне сол кезеңдегі ақтаңдақтардың М. Дулатов ұйымдастырған қазақ баспасөзі өлшеусіз үлес қосты деп нық сеніммен айта аламыз.

Себебі ұлттық қозғалыстың серпінді болуына, қарқынды өрістеуіне зор ықпал жасаған «Қазақ» газеті алдымен аталады. Ахмет Атамыз басшылық жасаған бұл ұлы басылым Алаш идеясын қазақ сахарасына тарата отырып, өзінің зор миссиясын абыроймен орындады. «Қазақ» басылымынан кейін алаштық идеяны Х.Ғаббасов пен Р.Марсеков авторы болған «Сарыарқа» газеті және М.Шоқай шығарған «Бірлік туы» газеті шынайы шындықпен бұқара халықты таныстырып отырды. Бұл газеттер бостандықты аңсаған бойларында тектілік рухы бар қазақ баласының бойына ұлттық сезімді, ұлттық ождан мен абыройды сіңірді[7].

Басты мәселе жалпы Қазақ ғылымының тууына Алаш зиялыларының тікелей ықпалы тигені бәрімізге белгілі. Қазақ тіл білімі мен әдебиеттануының басында Ахмет атамыз тұрса, медицина, биология, табиғаттану салаларынан Х.Досмұхамедұлы, математикадан М.Дулатов пен Ә.Ермеков, психологиядан Ж.Аймауытов, педагогикадан М.Жұмабаев, ауыл шаруашылығынан Т.Шонанұлы, Қ.Кемеңгерұлы өте құнды-озық арнайы еңбектер жазды. Қазақ жазуының, ұлт грамматикасының дүниеге келуіндегі Ахмет атамыздың еңбегі айрықша аталады. Мұхтар Әуезовтің сөзімен айтсақ: «...Ахаң ашқан қазақ мектебі, Ахаң түрлеген ана тілі, Ахаң салған әдебиеттегі елшілдік ұраны – «Қырық мысал», «Маса», «Қазақ» газетінің 1916 жылдағы қазақ баласына істеген еңбегін, өнер-білім, саясат жолындағы қажымаған қайратын біз ұмытсақ та, тарих ұмытпайтын істер болатын» [8].

Зерттеу жұмысымыздың басты мақсаты–мектеп оқушылары мен жастардың отансүйгіштік тәлім-тәрбиесі, қазіргі таңдағы шиеленіскен геосаяси жағдайларда елін, жерін халықын шынайы сүйетін Алаш ұлылары мұрасы арқылы ұлттық рухта, елінің патриотты етіп баулуға аса зор көңіл бөліп ықпал жасау болатын. Біз Қарағанды қаласы БӘЖ/еЖС кафедрасы филиалы №16 жалпы білім беретін орта мектеп оқушылары арасында ғылыми зерттеу жұмысымыз бойынша қойылған міндеттер мен мақсаттарды шешу, яғни жастарға патриоттық тәрбие беруде алаш қайраткерлерінің мұрасын тиімді пайдалану жолдарын ұсыну бойынша, сауалнама жүргізген болатынбыз. Оған кездейсоқ әдіспен таңдалынлып аталған мектептің 10 сынып оқушылары ат салыса қатынасты. Экспериментке тең бөлініп барлығы 32 оқушы, яғни бақылау және тәжірибелік топ қатысты. Бастапқы кезеңде тақырыпқа тиесілі өзекті материалдарды талдау, ғылыми - зеріттеу ізденістерінде педагогикалық эксперимент болжамның объективті дұрыстығын тексеруді қамтамасыз ететін педагогикалық әдістерді пайдаландық. Жұмысымыздағы тәжірибелік–эксперимент жұмысы үш кезеңнен (анықтау, қалыптастырушы және қорытындылау) өткізілді. Анықтаушы эксперимент нәтижелерін ғылыми зеріттеу жұмыстарында кеңінен қолданылатын арнайы, Алаш орда қайраткерлері мұрасы тақырыбына байланыстырылып жасалған сауалнамада алынған жауаптарды саралай келе, берген жауаптарын үш деңгейге бөліп қарастырдық.

Жоғары деңгей: Алаш қайраткерлерінің өшпес рухани мұрасы туралы түсініктері жоғары, партия қайраткерлерінің өмірбаяны мен рухани мұрасын біледі және жақсы бағалай алады, сол арқылы жастарды Отанын шын сүйетін патриоттар ретінде тәрбиелеуде орны ерекше деп санайтындар.

Орта деңгей: Алаш қайраткерлерінің рухани мұрасы туралы түсініктері бар, Алаш қайраткерлерінің өмірбаяны мен рухани мұрасын біледі және бағалай алады, сол арқылы жастарды Отанын шын сүйетін патриоттар ретінде тәрбиелеуде заманауи қыйыншылықтар болғаныменен орны бар деп санайтындар.


Төмен деңгей: Алаш қайраткерлерінің рухани мұрасы туралы түсініктері аз, партия қайраткерлерінің өмірбаяны туралы білетіндері мардымсыз, елімен халқы үшін жасаған рухани мұрасын білмейді, сол арқылы жастарды Отанын шын сүйетін патриоттар ретінде тәрбиелеуге болады дегенге жете сенбейтіндер. Осы деңгейлер бойынша алынған жауаптарды математикалық әдістер арқылы өңдеуден өткізіп арнайы кестеге түсірдік.

1-кесте

Бақылау сауалнамасының көрсеткіштері.

Деңгейлер	Эксперимент тобындағы жастар саны- 16	Бақылау тобындағы оқушылар саны-16
Төмен	9 (56 %)	11 (69 %)
Орта	4 (25 %)	5 (31 %)
Жоғары	3 (19 %)	-
Барлығы	16	16

Эксперимент тобындағы жастарды Алаш қайраткерлерінің рухани мұрасы түсініктері мен жастарға патриоттық тәрбие берудегі рөлі туралы түсініктерінің көрсеткіштеріне саралау жасар болсақ: төмен деңгей 56 пайыз - 9 бала, орта деңгей 25 пайыз - 4бала, жоғары деңгей 19 пайыз- 3 болса; бақылау тобындағы көрсеткіші: төмен деңгей 69 пайыз - 11бала, орта деңгей 31 - 5 пайыз, жоғары деңгейде білетіндер жоқ. Біз бұл алынған нәтижелерді диаграммаға түсіріп көрсетер болсақ айырмашылық айқын байқалады.



Сурет -1. Алаш қайраткерлерінің рухани мұрасы түсініктері мен жастарға патриоттық тәрбие берудегі рөлі туралы түсініктерінің көрсеткіштері.

Біз жастарды отансүйгіштікке тәрбиелеуде Алаш қайраткерлерінің рухани мұрасын тиімді пайдалана білсек міндетті түрде өз жемісін береді есептейміз. Өйткені, Алаш қайраткерлерінің рухани мұрасын азда болса жастарымыз таныса, шынайы отансүйгіштік сезімдері елімен халқының тағдырына жауапкершіліктері мен қызығушылығы сөзсіз артатын болады деп санадық. Сол себепті, зерттеу жұмысты орындау барысында эксперимент тобындағы №16 орта мектеп оқушылары арнап, біз көтеріп отырған өзекті мәселе бойынша білімдерін артыру мақсатында «Алаш қайраткерлерінің рухани мұрасы арқылы патриоттық тәрбие берудің» сынып сағатының бағдарламасының жобасын дайындап, алғашқы әскери және технологиялық дайындық

оқушысы және сынып жетпісінің сабақтан тыс уақытта ұйымдастырып өткізуі үшін тәрбие сағатын ұсынған болатынбыз.

2-кесте. «Алаш қайраткерлерінің рухани мұрасы мәңгілік» атты патриоттық тәрбие сынып сағатының бағдарламасының жобасы.

№	Тақырыптар	Сағат	Өткізу түрі	Кім жауапты
1	Алаш қайраткерлерінің өмірбаяны	1	Пікір сайыс	Сынып жетекшісі
2	Алаш қайраткерлерінің мұрасындағы патриоттық ойлар	1	Әңгіме	АӘТД-оқытушы ұйымдастырушысы.

Жаңа Қазақстанның болашағы жастарды елін шын сүйетін азамат етіп тәрбиелеуде біз ұсынып отырған «Алаш қайраткерлерінің рухани мұрасы мәңгілік» атты патриоттық тәрбие сынып сағатының рөлі айтарлықтай дей аламыз. Біз оны тәрбие сынып сағатынан кейін жүргізген сауалнама қорытындысы нәтижесін жоғарыдағы үш деңгей бойынша саралаудан кейін нақты білдік. Арнайы тәрбие сағатынан кейінгі жүргізілген қорытынды сауалнамада алынған нәтижені математикалық әдістер арқылы өңдеуден өткізіп арнайы кестеге түсірдік.

3-кесте. Қорытынды сауалнама көрсеткіштері.

Деңгейлер	Эксперимент тобындағы оқушылар саны- 16	Бақылау тобындағы оқушылар саны-16
Төмен	4 (25 %)	8 (50 %)
Орта	5 (31 %)	6 (37 %)
Жоғары	7 (44 %)	2 (13 %)
Барлығы	16	16

Қорытынды сауалнама көрсеткіштерін бақылау сауалнама көрсеткіштерімен салыстырар болсақ арнайы тәрбие сағатынан кейін, Алаш қайраткерлерінің рухани мұрасы жайлы жастардың білімдерінің көк жиегі кеңейіп, түсініктерінің молайғанын айқын байқауға болады. Қорытынды сауалнаманың нәтижесін бақылау сауалнамасы нәтижесімен салыстырар болсақ: Эксперимент тобындағы жастардың төмен деңгей 31 пайыз кемігенін, орта деңгей <6 пайыз жоғарласа, жоғары деңгей < 19 пайызға өскен, ал бақылау тобындағы көрсеткіші: төмен деңгей <19 пайызға кемісе, орта деңгей <6 пайыз жоғарласа, жоғары деңгейде <13 пайызға өскенін байқадық. Бұл көрсеткіштердің қалай өзгергендігін арнайы диаграммаға түсірер болсақ армашылық айқын көрінеді.



2-сурет. Қорытынды сауалнамасының диаграммасы

Біз осы арнайы тәрбие сынып сағатын өткізу арқылы мектеп оқушыларының Алаш орда қайраткерлерінің өшпес өмірбаяны мен рухани мұрасына деген қызығушылықтарының артқанын, онда жасөспірімдерге отансүйгіштік ойлардың заманауи талаптарға сай, нақты қазіргі шиеленіскен геосаяси жағдайларда патриоттық - отансүйгіштік тәрбие беруде нақты қолдануға болады дегенді анықтай алдық. Сол себепті ғылыми зерттеу жұмысымызда жасалған зеріттеулер қорытындысы бойынша Алаш қайраткерлерінің рухани мұрасы негізінде жастарға патриоттық тәрбие беруде тиімді пайдалануға болады деген қорытындыға келдік.

Қылышынан қан тамған Кеңес үкіметі заманында «Күш – жігер мен әл- қуаты мол, отансүйгіштік идеяларын бойына сіңірген, Отан алдында адал қызмет атқарған және өз елінің болашағына имандай сенген алаш ақтандақтары осын-ау үлкен саяси ойының құрбандығына шалынып, халықымыздың мәңгілік жан-жарасына айналды деп айтуға болады. Өмір тоқтамайды, елімен халқы үшін қызмет етіп ерлік пен батырлық жасаған, «Алаш Орда» қайраткерлерінің өшпес өнегесі замандарға жалғаса береді. Бұған дәлел, бүгінгі қоғамда ақтандақтардың өшпес халқына жасаған қызметі мен ерлік істеріне сәйкес тиесілі мәртебелі марапаттарға ие болуы, соның бірі Қарағанды қаласының бір ауданының Әлихан Бөкейханов атына беріліп, еліміздің көптеген мектептеріне Ахмет Байтұрсынов, Мағжан Жұмабаев, Міржақов Дулатов аттары және Сакен Сейфуллин атындағы театырлардың болуы, үкіметіміздің салиқалы саясаты аталар өшпес ерлігін бағалағаны деп білеміз. Дана халқымыз қай заманда болмасын адамзат алдында тұратын ұлы мұрат – міндеттердің ең бастысы елі мен жұртын қорғайтын қоғам қайраткерлері - батырлар ісін, ерлік өмірін жалғастыратын салауатты, саналы ұрпақ тәрбиелеу деген болатын. Сондықтан осындай өз заманының озық зиялы, аталарымыздың елімен халқы үшін жасаған өшпес істерін дәріптеу мен насихаттау арқылы ғана өз Отанының шынайы патриоттарын тәрбиелей аламыз деп білеміз.

Пайдаланған дереккөздер тізімі

1. Токаев Қ.К. Қазақстан Мемлекет басшысының Қазақстан «Әділетті Қазақстан: құқықтық тәртіп, экономикалық өсу, қоғамдық оптимизм» Жолдауы, Астана.-. 02.12.24 ж
2. Құл-Мұхаммед М. "Алаш" бағдарламасы: зорлық-зомбылық және шындық. - Алматы: 2000, - 82-90 ББ.
3. Дулатов М. Таңдамалы шығармалар жинағы - Алматы: 2002. –Б. 142-144.
4. Бөкейханов Ә. Таңдамалы шығармалар жинағы –Алматы: 2003, - Б.85-88.
5. Бөкейханов Ә. Таңдамалы шығармалар жинағы. –Алматы: 2003, - 95б.
6. Ахмедов Ғ. Алаш «Алаш » болғанда. -Алматы: Жалын, 1996. -220б.
7. Қозыбаев М. Ақтандақтар ақиқаты. – Алматы: Ғылым, 1996 . – 510 б.
8. Әуезов М. Алаш арыстары. - Астана: Елорда, 2005. -215б